

ЖАРКЕНТ ЖОҒАРЫ ГУМАНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

ХАТТАМА

Жаркент қаласы

№ 1

16 қыркүйек 2022 жыл

Қатысқаны: оқытушылар

Жиналыс хатшысы: М.Тенизбаева

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қарсы іс-қимылдың бекітілген нормаларын бұзуды есепке алу және кеңінен жариялау туралы

Сөйледі: колледж директоры Б.Саурамбаева қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық Стандарты мен таныстырды. Стандарт колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыруды көздейтін тыйымдар, шектеулер, талаптар түрінде көрсетілген белгіленген ережелердің жиынтығы екенінше негізгі ұғымдар мен анықтамалар, принциптері, колледж қызметкерлеріне лауазымдық жағдайына байланысты немесе лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты студенттерден (сыйлықтар, ақшалай сыйақы, қызметтер, ойын-сауық, демалыс, көлік шығындарын төлеу алуға), колледждегі жұмысқа байланысты емес мақалаларда заңнамаға сәйкес жанжал сипатындағы мәліметтерге жатқызылған мәліметтерді немесе лауазымдық міндеттерін атқаруына байланысты өзіне белгілі болған қызметтік ақпаратты жария етуге немесе пайдалануға, колледжде саяси партиялардың, діни және басқа да қоғамдық бірлестіктердің құрылымын құруға рұқсат етілмейтіндігін айтып өтті.

Сөйледі: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Диханбаева өз сөзінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды ашықтау және зерттеу, студенттер арасында «Таза есеп» акциясын жүргізу, құдақтық сауаттылық пен мәдениетті қалыптастыру мақсатында колледж бұйрығымен таныстырды. Ата-аналар, студенттер арасында жиналыстар өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізу, колледж психологының студенттер арасында психологиялық ағарту, алдын алу жұмыстарын, сауалнамалар алу, сенім жәшігінің жүргізілуін бақылау бойынша айтты.

Қаулы етті:

1. Колледжде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары жаңдандырылсын.
2. Студенттер арасында түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Төрағасы

хатшысы

Б. Саурамбаева
М. Тенизбаева